

«География» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест спецификациясы

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «География» жалпы білім беру пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Географиялық зерттеу әдістері	01	Зерттеу әдістерінің түрлері
		02	Өзекті географиялық зерттеу әдістері
02	Картография және геоинформатика	03	Заманауи картографиялық әдістер
		04	Географиялық деректер базасы
		05	Географиялық деректерді визуализациялау
		06	Геоакпараттық жүйелер
03	Табиғатты пайдалану және геоэкология	07	Табиғатты пайдалану түрлері
		08	Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау
		09	Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары
		10	Экологиялық таза өндірістерді жобалау
		11	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі
		12	Геосфералардың ластануы
		13	Геоэкологиядағы антропогендік факторлар
		14	Геоэкологиялық аудандастыру
		15	Ғаламдық экологиялық проблемалар
		16	Экологиядағы инновациялық технологиялар
		17	Қазақстанның экологиялық проблемалары
		18	Табиғатты пайдалануды реттеу
		19	Табиғатты қорғау шаралары
		20	Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі
		21	Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі
		22	Қоршаған ортаның сапасы
		23	Геоэкологиялық жобалау
04	Геоэкономика	24	Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі
		25	Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары
		26	Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы
		27	Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері
		28	Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері
		29	Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе
		30	Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар
		31	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті
		32	Геоэкономикалық даму стратегиялары
05	Геосаясат	33	Геосаясаттың өзектілігі

		34	Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі
		35	Геосаясаттағы географиялық факторлар
		36	Мемлекеттік аумақтың морфологиясы
		37	Мемлекеттік шекара
		38	Заманауи геосаяси үдерістер
		39	Қазақстанның геосаяси жағдайы
		40	Қазақстанның геосаяси қауіпсіздігі
		41	Қазақстанның геосаяси интеграциясы
06	Елтану	42	Кешенді географиялық аудандастыру
		43	Салыстырмалы елтану
		44	Дүниежүзі елдерін аймақтарға аудандастырудың қолданбалы аспектілері
		45	Дүниежүзі аймақтар картасында Қазақстанның орны
		46	Қазақстанның халықаралық салыстырулардағы орны. Қолданбалы елтану
07	Адамзаттың ғаламдық проблемалары	47	Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері
		48	Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Қоршаған табиғат туралы білім; әлемнің жалпы экономикалық-географиялық сипаттамасы; география ғылымының дамуы; әлемдік нарықтағы Қазақстан; адамзаттың жаһандық мәселелері; қазіргі әлемдік шаруашылық; картография және геоинформатика; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау; геоэкологияның негізгі мәселелері.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Саипов А. География. Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныптарға арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2019 ж.

2. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Абдиманапов Б. География. Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныптарға арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2020 ж.

3. Бейкитова А. География. Әдістемелік нұсқаулық-10 сынып, Алматы: мектеп 2019 ж.

4. Бейкитова А. География. Әдістемелік нұсқаулық-11 сынып, Алматы: мектеп 2020 ж.

5. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Саипов А. География. Жалпы білім беретін мектептердің 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: мектеп, 2019 ж.

6. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Абдиманапов Б. География. Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: мектеп, 2020 ж.

7. Төлепбергенова С.Қ., Аманжолов А.И., Жылқайдарова А.М. - География. Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-сыныпқа арналған оқулық, 1-2 бөлім. Алматы: Алматыкітап, 2019 ж.

8. С. Қ. Төлепбекова, Г. Т. Жапанова, С. А. Былинская, Г. Н. Чистякова, З.С. Шүленбаева. География. Жалпы білім беретін мектептердің 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Алматыкітап, 2020 ж.